

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 22 маусымдағы N 137 Жарлығы " Президент пен Үкімет актілерінің жинағында " жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 8, 64-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) "Қазына" АҚ-ның жарғылық капиталына ақы төлеуге берілетін мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізбесін бекітуді қамтамасыз етсін";".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті